


Софы Сматаев

*Қазақстанның халық жазушысы*

Қоркыныштың құрсауынан аман-сау өтуден гөрі, құштарыңның құшағын асыға күту - ес - түсіңнен түк қоймайды.

* * *

Ызақорлықтың тұмсық бұзатын ашушаң соққысы түптің түбінде айналып жетіп, өз маңдайыңа сойыл боп сақ ете қалады.

* * *

Жазған - сызғаныңды оқып отырған адам: «Құдай - ау, дәл мынау менің ауырған жанымның жүрек сыздатқан ауыр ыңқылы ғой! Сондағы жай таба алмай егілгенімді, еңірегенімді көріп тұрғандай етіп қалай ғана ақ қағазға түсірген, ә? Әлде автордың өзіде осылай аласапыран күй кешті ме екен?! Сөйткен болар. Сендіруі... жан дүниеңді тізгіндеп алғандай өз ерік - ырқыңа бірден бағындырып алып, ерте жөнелуі керемет - ақ емес пе. Ол мені... менің қасірет шеккен күй - халімді қалай тап басып түсінсе, мен де оны мүлтіксіз ұғындым ғой!» дейтін толғаныс, тебіреніске енсе, онда сенің теріңді бекер төкпегенің. Оқырманымен оңаша отырып кеңесе білген автордан бақытты жан болмас - ау.

* * *

Ақыл - парасатын мейірімділігіңді есе - лесе, қайрымдылығын қажырыңды арттырса - біліміңнің асқаны, біліктілігіңнің тасқаны ғой.

* * *

Көп білгеннің міншілдігі де, түк біл - мегеннің күншілдігі де - сұмдық. Астына түссең, көтеріп кетуің қиын.

* * *

Жазушылық тірлік - істей қояйын, тындыра қояйын дейтін дағдыға айналған тірлік емес. Жазушы - болмыс құдіреттің тылсымымен құпиясы белгісіз әрекеттің іске асырушысы тәрізді. Кейде ол ғайып - тан тайып жетер әлдебір құбылыстың үнін бе, сарынын ба көңіл құлағымен естігендей әсерге бөленіп, ғажайып құбылысқа күмп етіп еніп кеткендей шабытты шақ кешеді. Сондай құнарлы сәтті қапысыз аңдай білген авторды Құдай жарылқайды дегенге шындап иланам...

* * *

Артыңа үңіліп, өткендердің өнегесін ала алсаң, өсиетіне қана алсаң, бүгініңнің шуағымен ертеңіңді де жылытарсың.

* * *

Жадыңның естелігіңе көшкені -
Өнегеңнің өркен жайып өскені.

Шуылдатып, дуылдатып ілестіретін атаққа онша құлшына қояр құмарлықты өз бойым түгілі ойымнан да таппайтыныма өзім ғана куәгермін.

«Ой, ол анау романист қой»... «Әй, мынау пәленше деген ақын ғой әрі дра - матург қой!..» дейтін әуесқойларыма бас изеп қана өте шығатынымды кейбіреу - лер: «Қандай тәкаппар неме? Неткен өр-көкірек, шіркін!» - деп сыртымнан сырға тағып жататындарын да білем.

«Менің өзім де, өзегім де шығармаларымда ғой!» дегенімді біреу түсінсе, біреу түсінбейді.

Ал аты - жөнінін не эфирден, не газет беттерінен күн құрғатпай көрінуіне өршелене ұмтылып, омыраулай кеуделейтін «мания величиясы» керемет жойқын бір құрдас ақынның алашапқын тірлігін көрген сайын өзімнің өрескел қарапайым мінезімнің шынайылығына іштей бір токмейілсу табатын сияқтымын.

***(Жалғасы бар)***

Қазақ әдебиеті. - 2025. - 14 наурыз (№10). - 20 б.